

**ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЖОБАЛАУ
ИНСТИТУТЫН ЖЕР РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ
МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ ЕТПІ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 28
ақпан 1994 ж. N 230**

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Жерге орналастыру жөніндегі Қазақ мемлекеттік жобалау институтын (Қазмемжержобаинституты) қосымшаға сәйкес оның қарамағына бұрынғы "Қазмемжержобаинституты" жобалау институты мен "Ақмола мемжержобаинституты" жобалау институтының өндірістік бөлімшелерін бере отырып Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (Мемжерғылөнорталығы) етіп қайта құру жөнінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Қаржы министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығына жер реформасының және жер ресурстарын ұтымды пайдаланудың актуальды мәселелері, жер иелену мен жер пайдалануды, жобалау-іздістіру жұмыстарын ғылыми-техникалық жағынан қамтамасыз етудің проблемаларын шешу жөніндегі ғылыми негіздемелер мен жобалар бойынша ғылыми-өндірістік бағдарламалар әзірлеу жүктелсін.

2. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.05.23. N 877
қаулысымен.

P970877_

3. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен оларды 1995-2000 жылдары (бірінші кезең) қорғау жөніндегі Ұлттық бағдарламаны әзірлеп, 1994 жылғы 1 қыркүйекке қарай Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынатын болсын.

4.

<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851
қаулысымен.

P970851_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 28 ақпандағы
N 230 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Мемжеркомының Жер
ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік
ғылыми-өндірістік орталығы өндірістік бөлімшелерінің
Тізбесі

Жерге орналастыру жөніндегі Ақмола мемлекеттік жобалау
институты (Ақмола мемжержоба институты)

Ақтөбе филиалы

Алматы филиалы

Атырау филиалы

Шығыс Қазақстан филиалы

Жамбыл филиалы

Жезқазған филиалы

Батыс Қазақстан филиалы

Қарағанды филиалы

Қызылорда филиалы

Көкшетау филиалы

Қостанай филиалы

Маңғыстау филиалы

Павлодар филиалы

Солтүстік Қазақстан филиалы

Семей филиалы

Талдықорған филиалы

Торғай филиалы

Оңтүстік Қазақстан филиалы

Кешенді іздестіру бөлімшесі
Бақшалар мен жүзімдіктерді жобалау жөніндегі мамандандырылған
филиалы (Бақшажоба)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК